


18+

# Менің өлкем



Қалжыр, Боран ауылдарының тұрғындары Президенттен пәрмен сұрауда

6-бет



Катонқарағайлық Бақытбек Жалымбетов ағаштан түрлі бұйым жасайды

7-бет



Бұқтырмада 24 адамды құтқарып қалған азаматтардың бірі оқиғаның мән-жайын айтып берді

7-бет



## ШҚО-да бес жыл ішінде 16 мектеп салынады

5-бет

**Менің  
ӨЛКЕМ**

газетіне барлық "Қазпошта" АҚ бөлімшелерінде 2022 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жалғасуда

**Біз бұрынғы бағаны сақтап қалдық!**

Индекс	Жазылушылар санаты		1 айға	3 айға	5 айға
19044	ҚАЛА	Жеке тұлғалар үшін	450 тг	1 350 тг	2 250 тг
19045		Заңды тұлғалар үшін	675 тг	2 025 тг	3 375 тг
19044	АУЫЛ	Жеке тұлғалар үшін	450 тг	1 350 тг	2 250 тг
19045		Заңды тұлғалар үшін	675 тг	2 025 тг	3 375 тг
Редакцияға келіп газетке жазылуға немесе әр санын сатып алуға болады			420 тг	1 260 тг	2 520 тг





# Жоғары оқу орнының жетістіктері

Шығыс Қазақстанда хирургиялық құрал-саймандар шығарылуы мүмкін

Өскеменде орын төпкен Шығыс Қазақстан техникалық университеті түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіші 96 пайызға жетіп отыр. Бұл жайлы Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ ҚЕАҚ басқарма төрағасы-ректорының міндетін атқарушы Сәуле Рахметуллинаның 2021 жылы атқарылған жұмыс туралы есеп беру кездесуінде айтылды.

Жоғары оқу орнының соңғы жылда жеткен жетістіктері аз емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев инженерлік бағыттағы мамандықтарға баса мән беру керектігін айтты. Сол үшін бәріміз білімге деген көзқарасымызды өзгертіп, өнеркәсіптік инженерлердің жаңа буынын өсіріп шығаруымыз керек, - деді Сәуле Рахметуллина.

Университетте техникалық мамандықтарға грант саны 60 пайызға дейін арттырылған. Жергілікті атқарушы органдардан 450 грант бөлінді.

Оқу бітіріп, қолына диплом алған студенттерді жұмыспен қамтуға ерекше ден қойылған. Қазір жұмыспен қамту көрсеткіші өсіп, 96%-ды құрап отыр. Біздің түлектер "ERG", "Volkswagen", "Simens", "Microsoft" сынды

әлемдік ірі компанияларда жұмыс істейді. Бұл көрсеткіштерге жету мақсатында түрлі жобалар жүзеге асырылды, - деді ректордың міндетін атқарушы.

Өңірде медицина саласын дамыту үшін шетелден заманауи жабдықтар сатып алынып, ақ халаттылар Еуропа елдеріне біліктіліктерін арттыруға аттанып жатыр. Отандық медициналық өндіріс те назардан тыс қалмаған. Шығыс Қазақстанда хирургиялық құрал-саймандар шығару көзделуде. Бұл үшін Өскемендегі Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ мен Семей медициналық университеті келісімге келіп отыр.

Медициналық университеттің тиісті патенті бар. Олар бізге хабарласып, осындай



жоба ұсынды. Хирургиялық ота жасайтын құрал-саймандардың түр-түрін жасау жоспарланған. Бірақ ол үшін тиісті жабдықтар қажет. Қазір екі университет ақылдасып, атқарылатын

жұмыс алгоритмін құрып жатырмыз. Содан кейін қаржы бөлетін инвестор іздейміз, - деді Сәуле Рахметуллина.

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ

## Жұмысқа тұруға кедергі

Семейдегі университет түлектері дипломда кеткен қатенің салдарынан жұмысқа тұра алмай жүр

Соңғы күндері әлеуметтік желілер мен БАҚ-та Шәкәрім университеті түлектерінің тап болған қиындығы туралы жазылып жатыр. Белгілі болғандай, үш тілде берілетін дипломның ағылшын тіліндегі нұсқасында екі сөзде қате кетіп қалған. Ал қатені түзетіп дипломды қайта жасату үшін біраз уақыт керек.



Соның салдарынан оқу бітіре салысымен жұмысқа тұрмақ болған кей түлектердің ойы іске аспай қалды. Аталған мәселенің анық-қанығын білу үшін Шәкәрім университетіне хабарласып көрдік. Білім ордасының баспасөз хатшысы Шырын Қауанова білім туралы диплом алушының құжатында орфографиялық қателер кеткен жағдайда жоғары оқу орны жауапкершілікті өз күзретіне алатындығын және құжат алушының өтініші бойынша диплом қайтадан шығарылып берілетіндігін түсіндірді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 30 қазанындағы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының №48 пунктіне сәйкес, "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын игергенін растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға аттестаттау комиссияның шешімімен

тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері немесе маман біліктілігі тағайындалады және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі" деп көрсетілген. Дипломда орфографиялық қате кеткенде құжат алушының өтініші бойынша диплом қайтадан шығарылып беріледі. Бітіруші түлектердің өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттарында нөмірі мен QR кодтары көрсетілген. Сәйкесінше, құжат імесі немесе жұмыс беруші генерацияланған нөмірлер мен QR кодтары арқылы ҰББДҚ базасынан бітіруін растайтын құжат туралы ақпаратты көре алады, - деді ол.

Шырын Қауанованың айтуынша, мұндай жағдай жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында орын алса құжат алушы оқу орнының тиісті бөліміне өтініш білдіруі керек.

Арыстан ЕРТАРҒЫНОВ

## Алғабаста балық аулаған

Маусым айының соңында ЖПҚБ табиғатты қорғау полициясы тобының қызметкерлері Күршім ауданының балық инспекциясы қызметкерлерімен бірлесіп кезекті заңсыздықтың жолын кесті.

Сақшылар таңертең Алғабас ауылынан 6 шақырым жердегі саяжай жолында 85 келі балық әкеліп бара жатқан 49 жастағы жергілікті тұрғынды тоқтатқан.



Ұсталған адамның көлігінен 38 келі шортан



32 келі көксерке



15 келі мөңке балығы табылды.

Келтірілген шығын 445 000 теңгеден астам сомаға бағаланады.

Жауап алу кезінде тұрғын өз кінәсін мойындады. Бүгінде күдіктіге қатысты келуге міндеттеу түріндегі процессуалдық

мәжбүрлеу шарасы таңдалды, - делінген мәліметте.

Аталған факті бойынша ҚР ҚК-нің 335-бабы 1-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды.



Қысқаша

### Денесі табылды

Абай облысында әскери қызметкер мерт болды.

ҚР Қорғаныс министрлігі баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, Абай облысында оқтан көз жұмған әскери қызметкердің денесі табылды. Алдын ала дерек бойынша ол өз өзіне қол жұмсаған. Бұған не себеп болғаны әзірге белгісіз.

Қазіргі уақытта оқиғаның себеп-салдары анықталып жатыр. Марқұмның артында әйелі мен 5 баласы қалған, - деп хабарлады ведомство өкілдері.

Әскери қызметкердің өліміне байланысты қылмыстық іс қозғалды. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 201-бабына сәйкес тергеудің өзге деректері жария етілмейді.

### Жымқырғаны аз емес

Өскеменде 13 млн теңге жымқырған есепші ұсталды.



Қалалық ПБ Ертіс полиция бөліміне жергілікті ЖШС-лардың бірінің басшысы жүгінді. Өз сөзінде ол компанияда 2020 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі аралықта бухгалтер болып жұмыс істеген әйелдің өз қызметтік жағдайын асыра пайдалана отырып, кассадан жалпы сомасы 13 485 062 теңгені жымқырғанын жеткізді.

Жедел-іздістіру шараларын жүргізген полиция қызметкерлері 50 жастағы күдіктіні қолға түсірді. Ол өз кінәсін мойындап отыр. Қазіргі уақытта аталған факті бойынша ҚР ҚК-нің 189-бабы 4-бөлігіне (сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе талан-таражға салу) сәйкес сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды, - деп хабарлады ШҚО Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Күдіктінің мүлкін тәркіленіп, 7-ден 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

### Құлап кетті

Өскеменде 4 жасар бала төртінші қабаттан құлап кетті.

ШҚО Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, оқиға шілде айының ортасында таңертең Қрылов көшесінде болған.

Баланың анасы үйде болды. Ойнап жүрген бала балконға шығып, төменге құлап кетті, - делінген ақпаратта.

4 жасар бала жағдайы орташа ауыр деңгейде ауруханаға жеткізілген.

Ол бас-ми жарақаты диагнозымен жансақтау бөлімінен нейрохирургия бөліміне ауыстырылды. Баланың білегі сынғандықтан ота жасауға тура келді. Ұйқысы, төбеті бұзылмаған. Дәл қазіргі уақытта оның жағдайы жақсы, - деп хабарлады облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.